

**Шурентаев Амангельды Мирамовичтің «6D050400-Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстанның құқықтық журналистикасы: қалыптасу және даму үрдісі» диссертациялық жұмысының**

**АҢДАТПАСЫ**

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Салалық журналистиканың негізгі бағыты ретінде құқықтық журналистиканы қалыптастырудың мәні зор. Өзінің кәсіби қызметі барысында тілші түрлі құқықтық қарым-қатынасқа түсуге мәжбүр. Мәселен, журналист сотта қаралып жатқан іске қатысты заңнаманы, диффамация және басқа да құқықтық мәселелерді жақсы білуі керек. Өз құқығы мен міндеттерін білмеу, оларды пайдалана алмау журналистке кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар журналистің өзіне де, ол қызмет істеп жүрген бұқаралық ақпарат құралына да көптеген қиыншылықтар туғызады. Міне, сондықтан да журналистерге құқықтық білім соншалықты маңызды болып келеді. Елімізде құқықтық журналистиканы дамыту үшін оның негізгі мәселелерін нақты анықтап алуымыз қажет. Сондықтан диссертациялық жұмыста Қазақстанның құқықтық журналистикасының пайда болу, қалыптасу және даму жолына тұңғыш рет ғылыми зерттеу жүргізіледі. Оның ішінде қазақ елінде пайда болған алғашқы құқықтық басылымдар, телерадиобағдарламалар мен интернет сайттарға шолу жасалады. Зерттеу жұмысында БАҚ туралы заңы жан-жақты сараланып, қоғам үшін маңыздылығы да қарастырылады.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Тарихты халық жасағанымен, қоғамның тарихи даму заңдылықтарын реттеп отыратын заңдар мен құқықтық құжаттарды, саяси-құқықтық доктриналарды нақты тұлғалар жүзеге асыратыны белгілі. Ендеше біз Қазақстан мемлекеті саяси және құқықтық ілімінің тарихын зерттеу үшін сол нақты тұлғалардың саяси өмірбаяны мен құқықтық көзқарастарын да білуіміз шарт. Тек соларды білу арқылы ғана сол кезеңнің саяси тарихының біртұтас кескін-келбетін жасай алмақпыз. Ал олардың өмірбаянын қазақ халқының саяси күрес тарихынан бөліп қарау негізгі нысанадан теріс кеткендік болар еді.

Құқық, заң ұғымдарының алғашқы белгілері ХІХ ғасырдың екінші жартысында шыға бастаған қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығаштары «Түркістан уалаятының газеті» (1870-1882 жж.) мен «Дала уалаятының газеті» (1888-1902 жж.) беттерінде, қазақ көсемсөзшілері Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин және А.Құнанбаевтың құқықтық тақырыбындағы шығармаларынан бастап, ХХ ғасыр басындағы Алашорда қайраткерлерінің саяси қызметі мен құқықтық көзқарастары, олардың жеке мемлекеттілігін құру, қазақ елінің тұңғыш Жарғысын (Конституциясын) жариялау жолындағы еңбектері, Кеңес Одағы уақытындағы және бүгінгі күнгі құқықтық журналистиканың даму кезеңдерін жан-жақты зерделеу ғылыми жұмыстың маңызды бөлігінің бірі болып келеді.

Медиа пайда болғалы бері құқық мәселесі мен қылмыс тақырыптарын жарияламаған кезі жоқ. Сонымен қатар құқықтық мемлекет ретінде Қазақстан азаматтарының құқықтық сауатын ашуда бұқаралық ақпарат құралдары ерекше үлес қосып келеді. Тіпті, бүгінгі күні кез келген БАҚ өкілі тергеу

органдарының қызметі, полиция мен прокуратура, сот үкімі туралы күн сайын ақпарат таратады. Құқық тақырыбына маманданған тілшілер қоғамдағы ең шиеленісті оқиғалардың: адам өлтіру, ұрлық, өрт, қоршауға алу, жол-көлік оқиғасы мен табиғи апаттардың ортасында жүреді. Алайда, құқықтық сараптама жасауда осы салаға мамандандырылған журналистің жетіспеушілігі анық аңғарылады. Сондықтан журналист саланы жетік меңгеріп, алып кету үшін көп оқып, ізденуі керек. Сонымен қатар қазір кез келген қолына қалам алған журналист заңнамалық және құқықтық қызметтің қыр-сырына қанық болуы қажет. Өйткені, тілшілер өз құқықтары мен міндеттерін білмеу салдарынан түрлі оқиғаларға тап болады. Тіпті бір редакция ішінде редактор мен тілші арасында соттасып жатқан жағдайлардың да куәсі болып жүрміз.

Әлемдік статистикаға көз салсақ, жылына ондаған журналист от пен оқтың құрбаны болып жатады. Сол үшін де шетелдерде журналистердің құқығын қорғайтын ұйымдар белсенді. Ал бізде мұндай ұйымдар өте аз. Сонымен қатар отандық тілшілер құқықтық жағынан қорғалмай келеді.

Сонымен қатар жыл сайын көптеген тілшілер қамауға алынып, бас бостандығынан айыру жазалары бойынша фактілер азаяр емес.

Мәселен, «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау халықаралық қорының өз пікірін білдіру құқықтарының бұзылу бойынша келтірілген статистикасына сәйкес 2020 жылдың қорытындысы бойынша журналистерді тұтқындау бойынша 25 факті (соның ішінде оқиғаны жариялау барысында – 9), журналистерге шабуыл жасау бойынша – 12 факті, қамауға алу, бас бостандығынан айыру жазалары бойынша 27 факті тіркелген.

Ал ақпаратқа қол жеткізу және тарату құқығын бұзу бойынша 363 жағдай, соның ішінде қоғамдық маңызы бар ақпаратты беруден бас тарту және шектеу бойынша – 251 оқиға тіркелген.

2020 жылы әлемді әбігерге салған індеттің таралуы көптеген БАҚ-тың жұмысын қиындатты. Әсіресе, ел аумағында төтенше жағдайдың енгізілу салдарынан Қарағанды облысында 6 басылым жабылса, Батыс Қазақстанда «Уральская неделя» газеті баспа нұсқасын шығаруын тоқтатты, ал Қостанай облысында қалалық «Наш Костанай» газеті шығару мерзімділігін қысқартқан.

Әрине, журналистерді қорғау, ақпаратқа қол жеткізу бойынша заңдар қабылданып жатыр. Алайда ол заңдардың іс жүзінде орындалуы және журналистердің өз қызметі барысында қолданылу аясы да ойландырады.

Сонымен қоғамның, БАҚ саласы қызметкерлерінің құқықтық сауаттылығының қалыптасуы құқықтық ақпараттандыру, білім беру және адамдарды тәрбиелеу жүйесімен өзара байланысты екендігін ескеретін болсақ, құқықтық журналистиканың жеке сала ретінде қалыптасу және даму жолдарын жан-жақты ғылыми тұрғыда талдау тақырыбымыздың маңыздылығы мен өзектілігін айқындайды.

**Зерттеу жұмысының нысаны** ретінде Қазақстанның құқықтық бұқаралық ақпарат құралдары алынып отыр.

**Зерттеу жұмысының пәні.** Қазақстанда құқықтық журналистиканың қалыптасу және дамуының теориялық және методологиялық негіздерін айқындау.

**Зерттеу жұмысының мақсаты.** Қазақстан құқықтық журналистикасының қалыптасу және даму кезеңдерін, құқықтық

журналистикасының теориялық және методологиялық негіздерін жан-жақты ғылыми талдау.

#### **Зерттеудің міндеттері:**

- Қазақстан құқықтық журналистикасының теориялық және әдіснамалық негіздерін саралау;
- Қазақстан құқықтық журналистикасының қалыптасу және даму кезеңдерін анықтап, ғылыми талдау жасау;
- отандық БАҚ жүйесіндегі құқықтық журналистиканың орны мен рөлін анықтау;
- масс-медиа жүйесіндегі сөз бостандығының құқықтық негіздерін зерделеу;
- БАҚ-ты мемлекеттік қолдау жүйесінің заңдық ерекшеліктеріне талдау жасау.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеуде теориялық-методологиялық негіздерін келесі әдістемелік ғылыми танымдар құрайды:

- контенттік-сараптама - мәтіндік мәліметтерді оқып білудегі сандық әдіс, оның мәнісі мәліметтің құрылымдық элементке бөлінуінде, мәтінде жиі кездесетін түйін сөздерді автоматты түрде анықтау. Осы әдіс ғылыми зерттеу барысында жетекші әдіс болды.

- TextAnalyst компьютерлік бағдарламасы арқылы «Құқықтық журналистика» ұғымына терминдік контент-сараптама жасалды;

- әдіс хронологиясы - әр кезеңдік дамудың жалпы мазмұны мен ерекшелігіне, уақытпен ілесіп бірігуіне қарай оқиғалардың құрылуы. Бұл әдіс зерттеуде журналистиканың мемлекеттік құқықтық мәдениетінің негізі мен оның тарихи кезеңдерінің дамуын қарастыруда ретроспективті (өткенді шолу) сараптамасын жасау кезінде қолданылды.

#### **Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:**

- Қазақстан құқықтық журналистикасының пайда болу, қалыптасу тарихы мен даму үрдісі жеке салалық бағыт ретінде ғылыми зерттелуі тұңғыш рет жүзеге асырылды.

- Құқықтық журналистиканың қазақ жерінде пайда болған алғашқы шарттары мен тәуелсіз Қазақстан жылдарындағы даму кезеңдері зерделенді.

- «Құқықтық журналистика» ұғымына контент-сараптама жасалып, ғылыми тұжырымдамалар дәйектелді.

- Құқықтық журналистикадағы ақпарат көздері түрлері мен журналистердің ақпарат алу құқығының маңыздылығы негізделді.

#### **Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдары.**

Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша келесі ғылыми тұжырымдар қорғауға ұсынылады:

1. Құқықтық журналистика - кәсіби журналистік қызмет саласы. Оның негізгі нысаны - қоғамның құқықтық өмірі. Құқықтық журналистика да саяси, іскерлік, спорттық, медициналық немесе экологиялық журналистика сияқты салалық журналистиканың бір бағыты болып есептеледі.

2. «Құқықтық журналистика» ұғымына терминдік талдау жасау арқылы «құқықтық журналистика» ұғымын қалыптастырудың негізін «құқық» (анықтамалардың 99% кездеседі); «қызмет» (97%) және «ақпарат» (95%) сөздері құрайтынына көз жеткіздік.

3. Заң құрметтелген жерде журналистика да өркендейді. Тәуелсіз БАҚ конституция, заң немесе жалпы құқық арқылы реттеледі. Негізі заң кем дегенде бұқаралық ақпарат құралын цензурадан қорғауы керек және журналистің ақпарат алу мүмкіндігін қамтамасыз етуі қажет.

4. Қазақстанда құқықтық журналистиканың алғашқы белгілері «Түркістан уалаятының газеті» (1870-1882 жж.) мен «Дала уалаятының газеті» (1888-1902 жж.), «Қазақ» газеті (1913-1918 жж.) беттерінде және қазақтың ұлы тұлғалары Шоқан Уәлиханов (1835-1865), Ыбырай Алтынсарин (1841-1889), Абай Құнанбаевтың (1845-1904) шығармаларында көрініс тапқан.

5. Қазақ халқының тарихында ХХ ғасыр басындағы Алашорда қайраткерлерінің саяси қызметі мен құқықтық көзқарастары, олардың жеке мемлекеттілігін құру, қазақ елінің тұңғыш Жарғысын (Конституциясын) жариялау жолындағы еңбектері зерттеуімізге арқау болды. Қазақ зиялылары арасынан саяси қызметтің қатерлі жолына жалтақтамай, жанқиярлықпен түскен Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков, Х.Досмұхамедов, Р.Мәрсеков, А.Тұрлыбаев, Б.Сыртановтар сияқты басқа да көрнекті тұлғалар шықты.

6. Кеңес дәуірінің алғашқы жылдары жеке құқықтық бағыттағы басылымдар болмағанымен білім және денсаулық саласы, кедейшілік мәселелерімен қатар әйел құқықтары, заң ережелері сияқты материалдар жариялап тұрған «Ақ жол», «Кедей сөзі» («Бостандық туы»), «Ауыл тілі» және т.б. газет-журналдар шығып тұрған. Тек 1933 жылдың қаңтар айынан бастап Алматыда Қазақстан өлкелік милиция басқармасының Саяси бөлімінің органы ретінде «Страж» («Сақшы») атты алғашқы салалық газеті шыға бастайды.

7. Кеңес Одағы уақытында құқықтық білімді насихаттау функциясы прокуратура және әділет органдарына жүктелген болса, тәуелсіздік жылдары бұл функция заңды мекемелермен іс жүзінде іске асырылмай қалды. Адам мен қоғамның құқықтық көріністері, құқықтық құндылықтар мен идеалдар жүйесіне мақсатты ықпал ету үшін бірде-бір заңды құрылым іс жүзінде айналыспады. Тек бұқаралық ақпарат құралдары құқық туралы білімді, адамның құқықтары мен бостандықтарын және басқа да құқықтық құндылықтарды насихаттайтын құралына айналды.

8. Тәуелсіз Қазақстанда құқықтық журналистиканың дамуын негізгі үш кезеңге бөліп қарастырдық. Шартты түрде посткеңестік деп аталатын алғашқы кезең 1991-1999 жылдарды қамтиды және оның басты мақсаты – азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру болды. Құқықтық БАҚ дамуының екінші кезеңі - отандық БАҚ-та сөз бостандығының даму кезеңі (1999-2010 жж.). Үшінші кезең 2010 - бүгінгі күнге дейін - мемлекеттік бақылаудың күшеюі және азаматтардың БАҚ-қа сенімділігінің төмендеу кезеңі.

9. Журналистің құқығы туралы әралуан мемлекеттік заңдарда айтылып жатады. Журналист - өз саласындағы толық құқығы бар кәсіби маман иесі. Заңдарда айтылғандай журналистің құқығына ешкімнің қол сұғуына болмайды. Маман иесі журналистика саласында білімін жетілдіріп, бұқараға қызмет ететін тұлға.

#### **Ізденушінің қосқан жеке үлесі.**

Ғылыми зерттеу жұмысы бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізіліп, нәтижелері А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік

университеті журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасының оқу үдерісіне енгізіліп, ендіру актісімен бекітілген.

Мәселен, 2018-2019 оқу жылында 5B050400-Журналистика мамандығы бойынша 2 курс студенттеріне «Бала құқығы және журналистика», «Журналистиканың құқықтық негіздері» пәндері бойынша дәріс, тәжірибелік және студиялық сабақтары жүргізілсе, 2019 жылдың 23 шілдесі күні Қостанайда алғаш рет «MediaLitFest» фестивалі өткізілді. Іс-шараға 137 адам қатысты. Фестивальге мектеп оқушылары, студенттер, оқытушылар, кітапханашылар, журналистер қатысты.

Ізденушінің қол жеткізген нәтижелері теориялық жағынан да, қолданбалық тұрғыдан да маңызды. Еліміздің жоғары оқу орындарында «Журналистика» білім бағдарламасы бойынша «Журналистиканың құқықтық негіздері», «Балалар құқығы және журналистика», «Медиа құқық» пәндерін оқытуда негізгі оқу құралы болмақ. Сонымен қатар құқықтық мәселелер тақырыбын жазып жүрген тілшілер үшін де ғылыми-теориялық маңызы жоғары еңбек болып келеді.

#### **Жарияланымдар:**

Диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша 13 ғылыми мақала жарық көрді. Соның ішінде 4 мақала ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті белгілеген республикалық ғылыми басылымдарында, 8 отандық және шетелдік халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында және 1 мақала Scopus базасында тіркелген журналда жарияланды.

Диссертация Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журналистика және саясаттану факультетінде дайындалды.